3.11. SMS-хабарландыру Клиент көрсеткен ұялы телефон нөміріне қосылған/іске қосқан кезде жоғарыда көрсетілгендей тиісті операция жүргізу факті бойынша немесе Клиенттің сұратуы бойынша беріледі.	3.11. SMS-информирование осуществляется на номер сотового телефона, указанный Клиентом при подключении/активации, как предусмотрено выше, по факту совершения соответствующей операции или по запросу Клиента.
3.12. Банк Электрондық банк қызметтерін Жүйе арқылы ұсынатын болса, Банкте соның негізінде Клиентке Электрондық банк қызметтері ұсынылған электрондық құжаттарды жіберу және/немесе алу туралы растау қалады. Клиенттің электрондық құжатты жіберуі және/немесе Банктің оны алуы туралы растама Жүйеде электрондық құжаттың тиісті мәртебесін (өндеу, орындайтын, бас тартылған және т.б.) көрсету болып саналады. Электрондық құжатты жіберуді, алуды растау мерзімі Жүйенің жұмысымен анықталады, ол Жүйе дұрыс жұмыс істейтін жағдайда, 1 (бір) Жұмыс күнінен аспайды.	3.12. При предоставлении Банком Электронных банковских услуг через Систему у Банка остается подтверждение об отправке и/или получении электронных документов, на основании которых Клиенту предоставлены Электронные банковские услуги. Подтверждением отправки Клиентом и/или получения Банком электронного документа является указание в Системе соответствующего статуса электронного документа (в обработке, исполнен, отказано и др.). Срок для подтверждения отправки, получения электронного документа определяется работой Системы, который не превышает 1 (одного) Рабочего дня в случае корректной работы Системы.
3.13. Клиенттің байланыс орталығына хабарласауы арқылы Электрондық банк қызметін көрсету Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы және Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде көзделген тәртіппен Клиентті тиісті сәйкестендіру арқылы іске асырылады. Бұл ретте Клиент өзімен телефон арқылы байланысқан кезде Банк Клиентті дауысыбойынша сәйкестендіруге міндетті емес екендігімен келіседі. Осы Электрондық банк қызметі Клиентке Шарт жасалғаннан кейін көрсетіледі.	3.13. Предоставление Электронной банковской услуги путем обращения Клиента в Контакт-центр осуществляется посредством звонка в Контакт-центр и проведения соответствующей Идентификации Клиента в порядке, предусмотренном Правилами предоставления электронных банковских услуг. При этом, Клиент согласен, что при осуществлении связи с Клиентом по телефону Банк не обязан идентифицировать Клиента по голосу. Настоящая Электронная банковская услуга предоставляется Клиенту после заключения Договора.
3.14. Клиент Ақпараттық банк қызметтерін көрсету үшін ашық байланыс арналарын (SMS-хабарлау, телефон қолдану) пайдалану кезінде Клиенттің банктік құпиясына үшінші тұлғалар тарапынан рұқсатсыз қолжетімділіктің болу қаупін түсінеді және өзіне осындай тәуекелді қабылдайды. Соған байланысты, үшінші тұлғалардың кез келген қасақана іс-әрекеттері, соның ішінде алаяқтық, рұқсатсыз қолжетімділік ықтималдығын қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей, көрсетілген байланыс арналарын пайдаланумен, уәкілетсіз тұлғалардың ақпарат алуымен байланысты туындауы мүмкін барлық шығын, шығыс, залалдарды Клиент көтереді.	3.14. Клиент осознает и принимает на себя весь и любой риск несанкционированного доступа третьих лиц к банковской тайне Клиента при использовании для оказания Информационных банковских услуг открытых каналов связи (SMS-информирование, использование телефона). В связи с этим, все расходы и убытки, ущерб, которые могут возникнуть в связи использованием указанных открытых каналов связи, получением информации неуполномоченными лицами, включая, но, не ограничиваясь, возможностью любых умышленных действий третьих лиц, в том числе мошенничество, неуполномоченный доступ, несет Клиент.
3.15. Электрондық банк қызметтерін көрсетумен байланысты сұрақтар бойынша Клиент Банктің мына Байланыс деректері арқылы хабарласа алады: телефоны: 2424 (ұялы телефоннан қоңырау соғу тегін), +7 (727) 2583-888. Банктің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А25D5F7, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 36. Банк филиалдарының мекенжайлары Банктің Веб-сайтында көрсетілген. Банк Клиентке мұндай өзгертулер туралы Банктің Веб-сайтында хабарлау арқылы Банктің Байланыс деректерін біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы болады.»;	3.15. По вопросам, связанным с предоставлением Электронных банковских услуг Клиент может обратиться по Контактным данным Банка: телефон: 2424 (с мобильного телефона звонок бесплатный), +7 (727) 2583-888. Адрес Банка: Республика Казахстан, А25D5F7, г. Алматы, проспект Аль-Фараби, 36. Адреса филиалов Банка указаны на Веб-сайте Банка. Банк вправе в одностороннем порядке изменять Контактные данные Банка с уведомлением Клиента о таких изменениях на Веб-сайте Банка.»;

<p>3.16. Клиенттің коммуналдық қызмет пен өзге де қызмет түрлерін көрсетушілердің қызметтерін Жүйе арқылы төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк осындай қызмет көрсетушілермен Клиент Жүйе арқылы бастама көтергеннен кейін олардың сұратылған тиісті ақпаратты (мысалы қызмет көрсетушіге (көрсетушілерге) төленуі тиіс соманы, қызмет тізбесін және т.б.) берулері туралы келісім жасауы мүмкін. Осы арқылы Клиент Жүйе арқылы сұрату жасатқан кезде, Банктің осындай сұратуларды қызмет көрсетушілерге жіберуіне уәкілеттік береді. Бұл ретте Банк берілген ақпараттың мазмұнына, көлеміне, дұрыстығына және толықтығына жауап бермейді және оны коммуналдық қызмет пен өзге де қызмет түрлерін көрсетушілерден алған түрінде және сол көлемде береді. Банк ол жөнінде Клиентке хабарламай, Клиентке ақпарат алу бойынша осындай мүмкіндік беруді біржақты тәртіпте тоқтата тұруға/қайта бастауға/тоқтатуға құқылы.</p>	<p>3.16. В целях обеспечения возможности Клиента оплатить через Систему услуги поставщиков коммунальных услуг и иных услуг, Банком могут быть достигнуты договоренности с такими поставщиками о предоставлении ими после инициации Клиентом через Систему запроса соответствующей информации (например, суммы, подлежащие оплате поставщику (ам), перечень услуг и т.п.). Настоящим Клиент уполномочивает Банк направлять такие запросы поставщикам при их инициации Клиентом через Систему. При этом, Банк не отвечает за содержание, объем, достоверность и полноту предоставленной информации и предоставляет ее в том виде и объеме, как она получена от поставщика коммунальных услуг и иных услуг. Банк вправе в одностороннем порядке приостановить/возобновить/прекратить предоставление Клиенту такой возможности по получению информации без уведомления Клиента об этом.</p>
<p>3.17. Жүйе дұрыс жұмыс істейтін болса, Жүйе арқылы Электрондық банк қызметтерін көрсету мерзімі:</p>	<p>3.17. Срок оказания Электронных банковских услуг через Систему, при условии исправной работы Системы:</p>
<p>3.17.1. Ақпараттық банк қызметтері бойынша – 1 (бір) Жұмыс күнінен кешіктірмей.</p>	<p>3.17.1. по Информационным банковским услугам – не позднее 1 (одного) Рабочего дня.</p>
<p>3.17.2. Электрондық төлем қызметтері бойынша – Қолданыстағы заңнама және (немесе) Клиент пен Банк арасында жасалған, соның аясында қызмет көрсетілетін тиісті шартта (соның ішінде банктік шот туралы шарт, банктік салым шарты) белгіленген мерзім.</p>	<p>3.17.2. по Электронным платежным услугам – срок, установленный Действующим законодательством и (или) соответствующим договором, заключенным между Клиентом и Банком, в рамках которого предоставляется услуга (в т.ч. договором банковского счета, договором банковского вклада).</p>
<p>3.18. SMS-хабарлау аясындағы SMS-хабар (Ақпараттық банк қызметі) Қарт-шот бойынша операция жүзеге асырылған (жүргізілген) күннен кейінгі 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберіледі.</p>	<p>3.18. SMS-сообщение в рамках SMS-информирования (Информационная банковская услуга) направляется не позднее 1 (одного) календарного дня следующего за днем осуществления (проведения) операции по Карт-счету.</p>
<p>3.19. Клиенттің Байланыс орталығына хабарласуы жағдайында Ақпараттық банк қызметін ұсыну тек Байланыс орталығына хабарласқан жағдайда ғана жүргізіледі.</p>	<p>3.19. Предоставление Информационной банковской услуги при обращении Клиента в Контакт центр осуществляется непосредственно при обращении в Контакт центр.</p>
<p><b>4. ҚАУІПСІЗДІК РӘСІМДЕРІ</b></p>	<p><b>4. ПРОЦЕДУРЫ БЕЗОПАСНОСТИ</b></p>
<p>4.1. Осы арқылы Тараптар Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде жазылған ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету рәсімдерін сақтауға міндеттенеді.</p>	<p>4.1. Настоящим Стороны обязуются соблюдать процедуры по обеспечению защиты информации, изложенные в Правилах предоставления электронных банковских услуг.</p>
<p>4.2. Электрондық банк қызметін көрсеткен кездегі ұйымдастыру шаралары, тәртібі мен ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қорғайтын бағдарламалық-техникалық құралдар Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде көрсетіледі.</p>	<p>4.2. Организационные меры, порядок и программно-технические средства защиты обеспечения информационной безопасности при предоставлении Электронных банковских услуг указываются в Правилах предоставления электронных банковских услуг.</p>
<p>4.3. Жүйеге кірген кезде және сәйкестендірген кезде Клиентті сәйкестендіру мақсатында мына сәйкестендіруші деректер көзделген: Логин, Тіркеу коды/Пароль, Логин, SMS-растау коды.</p>	<p>4.3. В целях Идентификации Клиента при осуществлении входа в Систему и при Аутентификации предусматриваются следующие идентифицирующие данные: Логин, Код регистрации/Пароль, Логин, SMS-код подтверждения.</p>
<p>4.4. Қауіпсіздік рәсімдерін сақтау мақсатында Клиент Банктен алған Тіркеу кодын Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде белгіленген тәртіппен Парольға ауыстыруы тиіс.</p>	<p>4.4. В целях соблюдения Процедур безопасности Клиент обязан сменить Код регистрации, полученный от Банка, на Пароль в порядке, установленном Правилами предоставления электронных банковских услуг.</p>
<p>4.5. Клиент Электрондық төлем қызметтерін алған кезде Түпнұсқаландыру мақсатында Жүйеде жасалған және SMS-хабар түрінде Клиенттің ұялы телефон нөміріне жолданған, Жүйеге кіру үшін қолданылатын SMS-растау кодын (Логин) міндетті түрде енгізу көзделеді.</p>	<p>4.5. В целях Аутентификации при получении Клиентом Электронных платежных услуг предусматривается обязательное введение SMS-кода подтверждения, генерируемого в Системе и направляемого в виде SMS-сообщения на номер сотового телефона Клиента, который служит для доступа в Систему (Логин).</p>
<p>4.6. Клиенттің Тіркеу кодын, Паролін, SMS-растау кодын, Кодталған сөзді үшінші тұлғаларға жария етуге/беруге құқығы жоқ. Бұл ретте Клиенттің көрсетілген ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етуіне/беруіне байланысты туындауы мүмкін барлық шығындар мен залалды Клиент төлейді.</p>	<p>4.6. Клиент не вправе разглашать/передавать третьим лицам Код регистрации, Пароль, SMS-код подтверждения, Кодовое слово. При этом, все расходы и убытки, которые могут возникнуть в связи с разглашением/передачей Клиентом указанной информации другим лицам, несет Клиент.</p>
<p>4.7. Қауіпсіздік мақсатында Клиент Жүйеге кіріп, бірақ ұзақ уақыт бойына (7 (жеті) минуттан аса) қолданбаған (операция жүргізбеген, Нұсқаулар бермеген және т.б.) жағдайда, Клиенттің Жүйеге ағымдағы қосылуын автоматты түрде жабу қызметі көзделген.</p>	<p>4.7. В целях безопасности в Системе предусмотрена функция автоматического сброса текущего соединения Клиента с Системой в случае продолжительного (более 7 (семи) минут) отсутствия активных действий Клиента в Системе (неосуществление операций, не предоставление Указаний и т.д.).</p>
<p>4.8. SMS-растау коды Клиенттің ұялы телефон нөміріне жіберілген сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде жарамды. Жаңа SMS-растау кодын алу үшін Клиентке Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде көзделген әрекеттерді орындау қажет.</p>	<p>4.8. SMS-код подтверждения действителен в течение 30 (тридцать) минут с момента его отправки на номер сотового телефона Клиента. Для получения нового SMS-код подтверждения Клиенту необходимо совершить действия, предусмотренные Правилами предоставления электронных банковских услуг.</p>
<p>4.9. Тіркеу коды Клиенттің ұялы телефон нөміріне жіберілген сәттен бастап 24 (жырма төрт) сағат ішінде жарамды. Жаңа тіркеу кодын алу үшін Клиентке Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде көзделген әрекеттерді орындау қажет.</p>	<p>4.9. Код регистрации действителен в течение 24 (двадцать четыре) часов с момента его отправки на номер сотового телефона Клиента. Для получения нового Кода регистрации Клиенту необходимо совершить действия, предусмотренные Правилами предоставления электронных банковских услуг.</p>
<p>4.10. Банк электрондық банк қызметін көрсеткен кезде банктік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз кіру, оны рұқсатсыз өзгерту, рұқсатсыз төлем жүргізу немесе ақша аудару және өзге де рұқсатсыз жасалған әрекеттерді анықтаған жағдайда, Банк бұл туралы Клиентке оларды анықтаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.</p>	<p>4.10. При обнаружении несанкционированного доступа к информации, составляющей банковскую тайну, ее несанкционированного изменения, осуществления несанкционированного платежа или перевода денег и иных несанкционированных действий, возникающих при предоставлении Банком Электронных банковских услуг, Банк уведомляет об этом Клиента не позднее следующего Рабочего дня после их обнаружения.</p>
<p>4.11. Рұқсатсыз әрекеттер туындаған жағдайда, Банк олардың салдарын жою және оларды болашақта болдырмау үшін дереу барлық қажетті шараларды қолданады.</p>	<p>4.11. В случае возникновения несанкционированных действий, Банк незамедлительно принимает все необходимые меры для устранения их последствий и предотвращения их появления в будущем.</p>
<p>4.12. Тараптар Банктің дауыстық авторландыруды қолдану арқылы, Клиенттің: (i) SMS-хабарлауға қатысты, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: қызметті қуаттау/іске қосу үшін; (ii) Жүйе арқылы берілетін Электрондық банк қызметтеріне қатысты,</p>	<p>4.12. Стороны признают, что заявления/обращения/распоряжения уведомления Клиента, принятые Банком по телефону (путем звонка в Контакт центр), с применением голосовой авторизации, о необходимости: (i) в отношении SMS-информирования, включая, но не ограничиваясь: для активации/подключения услуги;</p>

<p>мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: Тіркеу кодын алу үшін; Жүйе арқылы Электрондық банк қызметтерін ұсынуды тоқтата тұру/тоқтату (Жүйеге қолжетімділікті тежеу) үшін; Электрондық банк қызметін көрсетуді жаңарту үшін (Клиент Парольді 3 (үш) рет қате көрсеткен, сондай-ақ Клиент Парольді ұмытып қалған кезде);</p> <p>(iii) Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде көзделген өзге жағдайларда, телефонмен қабылданған (Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы) арыз/өтініші/өкімі Клиенттің өз қолымен қуәландырған, қағаз тасымалдаушыда алынған, Клиенттің жазбаша аразымен/өтінішімен/өкімімен/хабарламасымен теңестірілетінін мойындайды.</p> <p>Шарт және Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелеріне сай, Байланыс орталығының телефоны арқылы Клиент туралы растаушы деректерді сұрата отырып Клиентті</p> <p>Сәйкестендіру (Клиентті сәйкестендіру рәсімі) дауыстық авторландыру ретінде түсіндіріледі.</p>	<p>(ii) в отношении Электронных банковских услуг, предоставляемых через Систему включая, но не ограничиваясь: для получения Кода регистрации; приостановления/прекращения предоставления Электронных банковских услуг через Систему (блокирование доступ к Системе); возобновления предоставления Электронных банковских услуг (после неверного указания Клиентом Пароля 3 (три) раза, а также, когда Пароль забыт Клиентом);</p> <p>(iii) в иных случаях, предусмотренных Правилами предоставления электронных банковских услуг, приравниваются к письменным заявлениям/обращениям распоряжениям/уведомлениям Клиента, полученным на бумажном носителе, заверенным собственноручной подписью Клиента.</p> <p>Под голосовой авторизацией понимается проведение Идентификации Клиента (процедура Идентификации Клиента) по телефону Контакт центром, с запросом подтверждающих данных о Клиенте согласно Договору и Правилам предоставления электронных банковских услуг.</p>
<p>4.13. Байланыс орталығына қоңырау шалған кезде Клиентті сәйкестендіру мақсатында Клиенттен төмендегі сәйкестендіруші деректер сұратылады: Клиенттің төлем карточкасының нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (әкесінің аты болатын жағдайда көрсетіледі) толығымен, Банкке ұсынылған ұялы телефон нөмірі, туған күні, Кодталған сөзі, ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі). Осы арқылы Клиент өзінің Байланыс орталығы қызметімен болған әңгімесін аудиоға жазып алуға келісімін береді. Мұндай әңгіменің аудиожазбасын қажет болған жағдайда, Банк Клиенттің тиісті түрде Сәйкестендірілгенінің және оған Ақпараттық банктік қызмет көрсетілгенінің дәлелі ретінде пайдалана алады.</p> <p>Клиент Кодталған сөзі құпия түрде сақтауға және оны үшінші тұлғаларға жарияламауға міндетті. Кодталған сөз жарияланып қойған болса, Байланыс орталығы арқылы көрсетілетін Ақпараттық банк қызметтерін тоқтата тұру үшін Клиентке дереу Байланыс орталығына хабарласу қажет. Кодталған сөзді ауыстыру үшін Клиентке Банк бөлімшесіне бару керек.</p>	<p>4.13. В целях Идентификации Клиента при звонке в Контакт центр предусматриваются следующие идентифицирующие данные Клиента: номер платежной карточки, фамилия, имя, отчество (отчество указывается при наличии) полностью, номер сотового телефона, который был предоставлен Банку, дата рождения, Кодовое слово, ИИН (индивидуальный идентификационный номер) Клиента.</p> <p>Настоящим Клиент выражает согласие на производство аудиозаписи разговора Клиента и работника Контакт центра. Такая аудиозапись разговора в случае необходимости может быть использована Банком в качестве доказательства проведения надлежащей Идентификации Клиента и оказания ему Информационных банковских услуг.</p> <p>Клиент обязан хранить в секретности Кодовое слово и не раскрывать его третьим лицам. В случае компрометации Кодового слова Клиенту необходимо незамедлительно обратиться в Контакт центр для приостановления оказания Информационных банковских услуг, предоставляемых через Контакт центр. Для замены Кодового слова Клиенту необходимо обратиться в отделение Банка.</p>
<p>4.14. SMS-хабарлау үшін пайдаланылатын ұялы телефон нөмірі тиісті Өтініштің негізінде өзгертіледі. Сондай-ақ, өзге тәртібі Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде көзделуі мүмкін.</p>	<p>4.14. Изменение номера сотового телефона, используемого для SMS-информирования, производится на основании соответствующего Заявления. Иной порядок может быть предусмотрен также в Правилах предоставления электронных банковских услуг.</p>
<p>4.15. Клиенттің Электрондық банк қызметтерін көрсетуге арналған Шартта көзделген тәртіппен көрсеткен ұялы телефон нөмірінің Клиентке тиесілі екені болжанады және оны Банк қосымша сұратпайды. Банкке басқа тұлғаларға тиесілі ұялы телефон нөмірін бергін немесе үшінші тұлғаларға телефонды немесе өзге сәйкестендіру деректерін және/немесе құрылғыны берген жағдайда, осындай үшінші тұлғаларда телефондағы ақпаратқа кіру мүмкіндігі болуының салдары үшін Клиент өз бетімен жауап береді.</p> <p>Клиент Ақпараттық банк қызметін ұсыну кезінде мынадай жағдайлармен келіседі: SMS-хабарлау, Клиентті Сәйкестендіру үшін Клиенттің Банкке Шартта қарастырылған тәртіпте ұялы телефон нөмірін беруі жеткілікті болып табылады.</p>	<p>4.15. Принадлежность Клиенту номера сотового телефона, который указан им в порядке, предусмотренном в Договоре для оказания Электронных банковских услуг, предполагается, и дополнительно Банком не проверяется. Клиент самостоятельно несет ответственность за все последствия предоставления Банку номера сотового телефона, принадлежащего другому лицу или наличия у третьих лиц доступа к информации, содержащейся в телефоне, в случае передачи таким третьим лицам телефона или иных идентификационных данных и/или устройств.</p> <p>Клиент согласен с тем, что при предоставлении Информационной банковской услуги: SMS-информирование, достаточным для Идентификации Клиента является предоставление Клиентом Банку номера мобильного телефона в порядке, предусмотренном Договором.</p>
<p>4.16. Тараптар Байланыс орталығы Шартқа және Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелеріне сай Клиент туралы растаушы деректерді сұрата отырып, Клиентті сәйкестендірген жағдайда, Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы Тіркеу кодын алу мақсатында Логин ретінде пайдаланылатын ұялы телефон нөмірі туралы Клиенттің хабары Клиенттің қолымен қуәландырылған, қағаз тасымалдаушыда алынған жазбаша хабарға тең болып саналатынын мойындайды.</p>	<p>4.16. Стороны признают, что сообщение Клиента о номере сотового телефона, который будет использоваться как Логин, для целей получения Кода регистрации, путем звонка в Контакт-центр при условии Идентификации Клиента Контакт-центром, с запросом подтверждающих данных о Клиенте согласно Договору и Правилам предоставления электронных банковских услуг, считается эквивалентным письменному сообщению Клиента, полученному на бумажном носителе, заверенным подписью Клиента.</p>
<p>4.17. Ақпараттық банк қызметін алатын уақытта қауіпсіздікті сақтау үшін: SMS-хабарлау, Клиент төмендегілерге міндетті:</p>	<p>4.17. Для соблюдения безопасности при получении Информационной банковской услуги: SMS-информирование, Клиент обязан:</p>
<p>4.17.1. үшінші тұлғалардың ұялы телефонға қолжетімділігін шектеу;</p>	<p>4.17.1. ограничить доступ третьих лиц к мобильному телефону;</p>
<p>4.17.2. ұялы телефонға пароль/код орнату, үшінші тұлғаларға орнатылған пароль-код туралы ақпарат жарияланбау/тарамау, ұялы телефон жоғалмау/ұрланбау үшін барлық қажетті іс-шараларды қабылдау;</p>	<p>4.17.2. установить пароль/код на мобильном телефоне, принять все необходимые меры к неразглашению/нераспространению третьим лицам информации об установленном пароле/коде, к недопущению утери/хищения мобильного телефона;</p>
<p>4.17.3. ұялы телефон/ SIM-карта жоғалған/ұрланған немесе үшінші тұлғалардың ұялы телефон/ SIM-картаға қолжетімділік алу мүмкіндігі туындаған жағдайда, SMS-хабарлауды тоқтату үшін Банкке немесе Байланыс орталығына хабарласу.»</p>	<p>4.17.3. обратиться в Банк или Контакт центр в случае утери/хищения мобильного телефона/SIM-карты либо возникновения риска доступа третьих лиц к мобильному телефону/SIM-карте для приостановления SMS-информирования.»</p>
<p><b>5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</b></p>	<p><b>5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</b></p>
<p><b>5.1. Банк:</b></p>	<p><b>5.1. Банк обязуется:</b></p>
<p>5.1.1. Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде және Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда Клиентті Жүйеге тіркеуге;</p>	<p>5.1.1. зарегистрировать Клиента в Системе в порядке и на условиях, установленных Правилами предоставления электронных банковских услуг и Договором;</p>
<p>5.1.2. Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде және Шартта белгіленген талаптарда және тәртіппен Клиентке Электрондық банк қызметін көрсетуге;</p>	<p>5.1.2. предоставить Электронные банковские услуги Клиенту на условиях и в порядке, установленных в Договоре, Правилах предоставления электронных банковских услуг;</p>
<p>5.1.3. Клиент Қауіпсіздік рәсімдері мен қолданыстағы заңнаманы сақтаған жағдайда, Клиенттің Нұсқауларын Шартта, Тараптардың Банктік шот ашу және жүргізу бойынша құқықтық қатынастарын реттейтін тиісті шартта, Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде белгіленген тәртіп пен талаптарда орындауға;</p>	<p>5.1.3. исполнять Указания Клиента в порядке и на условиях, установленных Договором, соответствующим договором, регламентирующим правоотношения Сторон по открытию и ведению Банковского счета, Правилами предоставления электронных банковских услуг, при условии соблюдения Клиентом Процедур безопасности и Действующего законодательства;</p>

5.1.4. Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде және шартында белгіленген тәртіппен және талаптарда Клиентке жаңа Тіркеу кодын беруге;	5.1.4. в порядке и на условиях, установленных Правилами предоставления электронных банковских услуг и Договором, предоставлять Клиенту новый Код регистрации;
5.1.5. Қолданыстағы заңнамада және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Электрондық банк қызметін көрсеткен кезде Клиенттен алынған ақпаратты Клиенттің келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етпеуге;	5.1.5. без согласия Клиента не разглашать третьим лицам информацию, полученную от Клиента при предоставлении Электронных банковских услуг, за исключением случаев предусмотренных Действующим законодательством и Договором;
5.1.6. Клиенттің Жүйеге кіруіне және операциялар жүргізуіне кедергі келтіруі мүмкін, жүргізілетін техникалық жұмыстар туралы, Веб-сайтқа тиісті ақпарат орналастыру арқылы Клиентке хабарлауға;	5.1.6. извещать Клиента о проводимых технических работах, которые могут прервать доступ и препятствовать совершению Клиентом операций в Системе, путем размещения соответствующей информации на Веб-сайте;
5.1.7. Клиенттің жазбаша сұратуымен оған электрондық құжаттардың жіберілгені және/немесе алынғаны туралы растауға, олардың негізінде Клиентке тиісті шартта және/немесе қолданыстағы заңнамада көзделген нысанда және мерзімде Электрондық банк қызметі берілген;	5.1.7. по письменному запросу Клиента предоставлять ему подтверждение об отправке и/или получении электронных документов, на основании которых Клиенту предоставлены Электронные банковские услуги, в форме и в сроки, предусмотренные соответствующим договором и/или Действующим законодательством;
5.1.8. Жүйеде тиісті хабарлама орналастыру арқылы Клиентке Нұсқаудың алынғаны/орындалғаны/Нұсқауды орындаудан бас тартылғаны туралы хабарлауға;	5.1.8. информировать Клиента о получении Указания/исполнении/отказе в исполнении Указания путем отображения соответствующего уведомления в Системе;
5.1.9. Шартта белгіленген өзге міндеттерді атқаруға міндеттенеді.	5.1.9. нести иные обязанности, установленные Договором.
<b>5.2. Банк:</b>	<b>5.2. Банк вправе:</b>
5.2.1. Клиент Шартқа сәйкес өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған және/немесе Клиент Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелеріне сәйкес тіркеу рәсімдері мен қауіпсіздік рәсімдерін сақтамаған жағдайда, Клиентті Жүйеге тіркеуден бас тартуға;	5.2.1. отказать Клиенту в его регистрации в Системе, в случае ненадлежащего исполнения Клиентом своих обязательств в соответствии с Договором и/или несоблюдения Клиентом процедуры регистрации и Процедуры безопасности в соответствии с Правилами предоставления электронных банковских услуг;
5.2.2. Мына жағдайлардың кез келгенінде Жүйе арқылы Электрондық банк қызметін көрсетуден бас тартуға:	5.2.2. отказать в предоставлении Электронной банковской услуги через Систему в любом из следующих случаев:
5.2.2.1. Жүйеде қатарынан 3 (үш) рет Парольді және/немесе SMS-растау кодын дұрыс көрсетпеген;	5.2.2.1. неверного указания Пароля и/или SMS-код подтверждения 3 (три) раза подряд в Системе;
5.2.2.2. Нұсқау қолданыстағы заңнама, Шарт және/немесе Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінің және/немесе банктік шот шартының және/немесе Банктік шот бойынша операциялар жүргізуге қатысты Банк пен Клиент арасындағы қатынастарды реттейтін өзге шарттың талаптарына сәйкес келмеген;	5.2.2.2. несоответствия Указания требованиям Действующего законодательства, Договору и/или Правил предоставления электронных банковских услуг и/или договору банковского счета и/или иному договору, регламентирующему отношения между Банком и Клиентом в части проведения операций по Банковскому счету;
5.2.2.3. Клиент Қауіпсіздік рәсімдерін сақтамаған;	5.2.2.3. несоблюдения Клиентом Процедуры безопасности;
5.2.2.4. Қолданыстағы заңнама, Шарт және Банк пен Клиенттің арасындағы қатынастарды реттейтін тиісті Шартқа сәйкес Клиенттің Нұсқауын орындаудан бас тартуға негіздер болған кезде;	5.2.2.4. наличие оснований для отказа в исполнении Указания Клиента в соответствии с Действующим законодательством, Договором и соответствующим договором банковского счета, иным договором, регламентирующим отношения между Банком и Клиентом;
5.2.2.5. Клиент Төлем немесе Ақша аударымын жасау үшін Банк талап еткен құжаттарды бермеген жағдайда;	5.2.2.5. не предоставления Клиентом требуемых Банком документов, необходимых для осуществления Платежа или Перевода денег;
5.2.3. Банктің пікірінше мұндай шара Жүйенің қауіпсіздігін, Клиент ақшасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет болған өзге жағдайда, Электрондық банк қызметін көрсетуден бас тартуға;	5.2.3. отказать в предоставлении Электронных банковских услуг в иных случаях, если, по мнению Банка, такая мера необходима для обеспечения безопасности Системы, сохранности денег Клиента;
5.2.4. Шартта және Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде белгіленген негіздер бойынша Электрондық банк қызмет көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға. Электрондық банк қызметін көрсетуді қайта бастау Шартта және Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі;	5.2.4. приостановить или прекратить предоставление Электронных банковских услуг по основаниям, установленным Договором и Правилами предоставления электронных банковских услуг. Возобновление предоставления Электронных банковских услуг производится в порядке, установленном Договором и Правилами предоставления электронных банковских услуг;
5.2.5. Шартқа, Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелеріне, Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге;	5.2.5. в одностороннем порядке вносить изменения в Договор, Правила предоставления электронных банковских услуг, Тарифы;
5.2.6. Нұсқауды орындау белгіленген шектеулерді (лимиттерді) бұзуға/асып кетуге алып келетін болса, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада қарастырылған негіздемелер бойынша Нұсқауды орындаудан бас тарту, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға;	5.2.6. отказать в исполнении Указания, приостановить исполнение своих обязательств Договору, если исполнение Указания приведет к нарушению/превышению установленных ограничений (лимитов), а также по основаниям, предусмотренным законодательством о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем и финансированию терроризма;
5.2.7. Төлемдер мен Аударымдарды жүргізуге арналған лимиттерді Шартта анықталғандай біржақты тәртіппен белгілеуге және өзгертуге;	5.2.7. в одностороннем порядке устанавливать и изменять лимиты на проведение Платежей и Переводов, как определено Договором;
5.2.8. Шарт бойынша өз міндеттемелерін және Клиенттің Нұсқауларын орындаған және қолданыстағы заңнамада үшінші тұлғалардың қызметін пайдалану қажеттігі тікелей көзделмеген жағдайларды қоса алғанда, Клиентке Шартқа сәйкес өзге қызметтерді көрсеткен кезде үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалануға;	5.2.8. пользоваться услугами третьих лиц при выполнении своих обязательств по Договору и Указаний Клиента и предоставлении Клиенту иных услуг в соответствии с Договором, включая (но, не ограничиваясь) случаи, когда необходимость использования услуг третьих лиц прямо не установлена Действующим законодательством;
5.2.9. Байланыс орталығы арқылы/хабарласқан кезде, Клиентті сәйкестендіру рәсімі өтпеген жағдайда, Электрондық банк қызметін көрсетуден бас тартуға;	5.2.9. отказать в предоставлении Электронной банковской услуги через/при обращении в Контакт-центр в случае не прохождения процедуры Идентификации Клиента;
5.2.10. Клиентке кез келген ақпараттық материалды (хабарлар, анықтамалар және т.б.) Қосылу туралы өтініште, Өтініште және/немесе Клиенттің Шарт талаптарына сәйкес өзге түрде берген өтінішінде көрсетілген мекенжай бойынша жолдауға/жіберуге. Бұл ретте Клиент Банктің Шарт талаптарына сәйкес пошта арқылы жіберген мәліметтерінің сақталуына және құпиялылығына жауапкершілікті пошта жөнелтімдерін жеткізетін пошта ұйымының көтеретінімен келіседі.	5.2.10. направлять/присылать Клиенту любые информационные материалы (извещения, справки и пр.) по адресу, указанному в Заявлении о присоединении, Заявлении и/или предоставленному Клиентом иным образом в соответствии с условиями Договора. При этом, Клиент согласен с тем, что ответственность за сохранность и конфиденциальность сведений, направленных Банком по почте в соответствии с условиями Договора, несет почтовая организация, осуществляющая доставку почтовых отправлений;
5.2.11. Қолданыстағы заңнамада және/немесе Банктің ішкі құжаттарында анықталған жағдайларда, Клиентпен іскерлік қатынастар құрудан бас тартуға;	5.2.11. в случаях, определенных Действующим законодательством и/или внутренними документами Банка, отказать в установлении деловых отношений с Клиентом;
5.2.12. Клиенттен және/немесе оның өкілінен Электрондық банк қызметін көрсетуге қажетті ақпаратты және құжаттарды талап етуге;	5.2.12. затребовать от Клиента и/или Представителя информацию и документы, необходимые для оказания Электронных банковских услуг;
5.2.13. заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және	5.2.13. без объяснения причин прекратить деловые отношения с Клиентом,



<p>терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамада, сондай-ақ Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) көзделген негіздер бойынша, себебін түсіндірместен Клиентпен іскерлік қатынасты тоқтату, сонымен бірге Клиенттің Ағымдағы шот, Карт-шот бойынша операциялар жүргізу туралы нұсқауларын орындаудан бас тартуға;</p>	<p>а также отказывать в выполнении Указаний Клиента о совершении операций по Текущему счету, Карт-счета по основаниям, предусмотренным Действующим законодательством о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем и финансированию терроризма, а также правилами об общих условиях проведения операций Банка (правила об общих условиях проведения операций Банка размещены на Веб-сайте Банка);</p>
<p>5.2.14. Шартта көзделген өзге құқықтарды іске асыруға <b>құқылы</b>.</p>	<p>5.2.14. реализовывать иные права, предусмотренные Договором.</p>
<p><b>5.3. Клиент:</b></p>	<p><b>5.3. Клиент обязуется:</b></p>
<p>5.3.1. Банк қызметін Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сай төлеуге;</p>	<p>5.3.1. оплачивать услуги Банка согласно действующим Тарифам Банка;</p>
<p>5.3.2. Шарттың, Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінің, қолданыстағы заңнаманың және тиісті банктік қарыз шарттарының, Банктік шот бойынша операциялар жүргізуге қатысты Клиент пен Банк қатынастарын реттейтін өзге шарттардың талаптарын сақтауға;</p>	<p>5.3.2. соблюдать требования Договора, Правил предоставления электронных банковских услуг, Действующего законодательства и соответствующих договоров банковского счета, иных договоров, регламентирующих отношения Клиента и Банка в части проведения операций по Банковскому счету;</p>
<p>5.3.3. Тіркеу кодын және/немесе Парольді және/немесе SMS-растау кодын, Кодталған сөзді жоғалтқан/жария еткен/үшінші тұлғаларға берген, Жүйеге кіру үшін пайдаланылатын және Тіркеу коды, SMS-растау коды жіберілетін құрылғыны және/немесе ұялы телефон нөмірін жоғалтқан/ұрлатып алған/үшінші тұлғаларға берген және/немесе Жүйе арқылы Банктік шоттарға рұқсатсыз кіргені анықталған немесе рұқсатсыз кіруіне күмәнданған жағдайда, Жүйеде Электрондық банк қызметін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында бұл туралы Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы және/немесе Шартта көзделген тәсілдердің бірімен дереу Банкке хабарлауға;</p>	<p>5.3.3. в случае утери/разглашения/передачи третьим лицам Кода регистрации и/или Пароля и/или SMS-код подтверждения, Кодового слова, утери/хищения/передачи третьим лицам устройства и/или номера сотового телефона, который используется для доступа в Систему и на который высылается Код регистрации, SMS-код подтверждения, и/или при обнаружении несанкционированного доступа либо при подозрении на несанкционированный доступ к Банковским счетам посредством Системы незамедлительно известить об этом Банк путем звонка в Контакт-центр, и/или одним из способов предусмотренных Договором, в целях приостановления или прекращения предоставления Электронных банковских услуг в Системе;</p>
<p>5.3.4. Мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Төлемдерді және/немесе Ақша аударымдарын жүргізудің, валюта операцияларын жүргізудің негізділігін растау мақсатында, Қолданыстағы заңнамада, Шартта, Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) көзделген көлемде Банкке Электрондық банк қызметтерін көрсету үшін, сондай-ақ Банктің Банкте бар және/немесе қолданыстағы заңнамада белгіленген, Банктің клиентті тиісті түрде тексеруіне қажетті процедуралардың немесе осыған ұқсас басқа да процедуралардың барлық талаптарын сақтауына мүмкіндік беру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды (шарттардың, келісімшарттардың, келісімдердің және/немесе өзге мәмілелер мен құжаттардың көшірмелерін) Банк белгілеген мерзімде Банкке беруге;</p>	<p>5.3.4. в сроки установленные Банком, предоставлять в Банк необходимые для оказания Электронных банковских услуг информацию и документы в объеме, предусмотренном Действующим законодательством, Договором, правилами об общих условиях проведения операций Банка (правила об общих условиях проведения операций Банка размещены на Веб-сайте Банка), включая, но не ограничиваясь, для целей подтверждения обоснованности проведения Платежей и/или Переводов денег, осуществления валютных операций (копии договоров, контрактов, соглашений и/или иных сделок и документов, а также необходимых для того, чтобы Банк имел возможность осуществить и соблюсти все требования необходимых процедур надлежащей проверки клиента или прочих подобных процедур, существующих в Банке и/или установленных Действующим законодательством и/или правилами об общих условиях проведения операций Банка (правила об общих условиях проведения операций Банка размещены на Веб-сайте Банка));</p>
<p>5.3.5. Төлем немесе Ақша аударымын жүргізу үшін қажет болған жағдайда, тиісті Ағымдағы шотта/Карт-шотта Төлем жүргізуге немесе Ақша аударуға және қолданыстағы Тарифтерге сәйкес Банк қызметі үшін комиссиялық сыйақы төлеуге жеткілікті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;</p>	<p>5.3.5. при необходимости проведения Платежа или Перевода денег обеспечить на соответствующем Текущем счете/Карт-счете достаточную сумму денег для проведения Платежа или Перевода денег и оплаты комиссионного вознаграждения за услуги Банка в соответствии с действующими Тарифами;</p>
<p>5.3.6. Банк сол нөмірге SMS-хабарлау жіберетін ұялы телефон жоғалған/ұрланған, Ақпараттық банк қызметтерін көрсету үшін қолданылатын ұялы телефонға (оның мазмұнына) рұқсатсыз кіру жағдайы анықталған уақытта Клиент аталған қызметтердің көрсетілуін тоқтату мақсатында Банк бөлімшесіне бару арқылы бұл туралы дереу Банкке хабарлауға міндеттенеді;</p>	<p>5.3.6. в случае утери/хищения сотового телефона, на номер которого Банк предоставляется SMS-информирование, при обнаружении несанкционированного доступа либо при подозрении на несанкционированный доступ к сотовому телефону (его содержанию), который используется для оказания Информационных банковских услуг, Клиент обязуется незамедлительно информировать Банк путем обращения в отделение Банка в целях прекращения предоставления указанных услуг;</p>
<p>5.3.7. Шарттың аясында қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайда, қажетті рәсімдерді сақтай отырып және Шартта және/немесе Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінде көзделгендей, тиісті өзгерістерді енгізу үшін бұл туралы Банкке хабарлауға;</p>	<p>5.3.7. в случае изменения номеров сотового телефона, которые используются для оказания услуг в рамках Договора проинформировать об этом Банк с соблюдением необходимых процедур и для внесения соответствующих изменений, как это предусмотрено Договором и/или Правилами предоставления электронных банковских услуг;</p>
<p>5.3.8. Шарт талаптарының, Тарифтердің, Электрондық банк қызметтерін көрсету ережелерінің өзгерістері мен толықтырулары туралы Банк филиалдарынан және олардың құрылымдық бөлімшелерінен, сондай-ақ Банктің Веб-сайтынан өз бетімен білуге;</p>	<p>5.3.8. самостоятельно узнавать об изменении и дополнении условий Договора, Тарифов, Правил предоставления электронных банковских услуг в филиалах Банка и их структурных подразделениях, а также на Веб-сайте Банка;</p>
